

ПАРТИЯНЫҢ БАСШЫ ОРЫНДАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ

Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің таулысы бойынша Алматы, Талдықорған, Ақмола, Қөкшетау облыстарымен бірге біздің облыстық басшы партия орындарының жою беру-сайлау жыйылыстары басталды. Жыйылы 15 февральға дейін облысымыздың қалалық, аудандық партия комитеттерінің конференциялары, ал осы айдың екінші жартысында К(б)П облыстық комитетінің конференциясы өткізілгені отыр.

Қалалық, аудандық партия конференцияларында К(б)П қалалық, аудандық комитеттері мен төксеру комиссияларының есебі тыңдалып, басшы партия орындары жою облыстық партия конференциясына делегаттар сайланады. Ал, облыстық партия конференциясында К(б)П обкомы мен тексеру комиссиясының есебі талқыланып, басшы партия орындары сайланады.

Қазір партиямыздың Уставына сәйкес, партия орындарының өкілдік мерзімі біткен бас ауып партия ұйымдарында өсе беру және партия бюросы немесе партия ұйымының секретарін сайлау жыйылыстары өткізіліп жатыр. Партия ұйымдарының өсе беру айлау жыйылыстары өнеркәсіп орындарының, колхоздардың, МТСтар мен совхоздардың күнбе-күні жыйылыстарымен тығыз ұштасырыла отырып, идеялық-саяси жағынан жоғары дәрежеде өткізілуде. Коммунистер партия ұйымының есебін талдап алқылаумен қатар, жұмыста болған елеулі кемшіліктерді дереу жою жөнінде шешуші шаралар белгілеп, еңбекшілер бұхарасы арасында көпшілік-саясат, мәдени-ғарту жұмысын неғұрлым күшейту, коммунистер мен партияда жоқ активтердің аяғы білім дәрежесін арттыра түсу жөнінде нақтылы істер белгілеу жұмысына белене қатысуда.

Басшы партия орындарының сайлауы партия-саясат ісін мейлінше күшейту, қалың бұхара арасында мәдени-көпшілік, ғыл-нәсихат жұмысын барған сайын өрістеу, партия комитеттерінің ұйымдастырушылық жағынан басшылық жасау дәрежесін арттыра түсу ұранымен өткізілуде тиіс. Құнымен қатар, есе беру-сайлау жыйылыстары кемелгер көсеміміз Сталин жолдастың Улы Октябрь социалистік революциясының 27 жылдығы туралы тарихи аңдамасызды алға қойылған айбынды міндеттерді және БК(б)П Орталық Комитетінің «Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің жұмысы туралы» 1944 жылғы 1 апрель егі қаулысы мен К(б)П Орталық Комитетінің X, XI пленумдарының қарарларын мүлтіксіз орындау ісіне партия ұйымдары мен бір коммунисті жұмылдыру ұранымен өту қажет.

Қазір көктемгі егіске әзірліктің нағыз ауырт кезеңі. Көктемгі егіс жұмыстарының қысқа мерзімде, агротехника жағынан оғары сапада өткізіліп, егіннен неғұрлым өнім алу үшін берік негіз жасалуына алдын-ала қамтамасыз етілуі егіске тілгері үлгілі әзірлену ісіне тікелей байланысты. Мұнымен қатар, қазіргі уақытта облысымыздың колхоз, совхоздары мал қыстату маусымының ең жауапты кезеңінде отыр. Мал шаруашылығының алып тыммен өркендеп, одан алынатын өнімдерінің арта түсуі мал қыстату маусымының тыңғылықты өткізілуіне байланысты екендігі де көпке мәлім. Сондықтан

ауыл шаруашылық жұмыстарының бұл күрделі салалары басшы партия орындары сайлау кезінде анағұрлым күшті қарқынмен өрістетіле түсуге тиіс.—Ең әуелі сайлауды өткізіп алайық, содан соң да уақыт жетеді ғой—деген бөгке себепті бетке ұстап, ауыл шаруашылығындағы бұл сыяқты аса маңызды жұмыстарды кезекке қоюшылықтан аулақ болу керек. Есе беру-сайлау жыйылыстарын көктемгі егіске әзірлік жұмысының барлық салаларын бұрынғыдан да бетер күшейтіп, бұл іске партия ұйымдары басшылығының неғұрлым қаблетті көне нақтылы болуына күшті әсер ететін тәртіпке өткізу қажет.

Партия ұйымдарының өсе беру-сайлау жұмыстары мен конференцияларын тыңғылықты әзірлікпен өткізу керек. Партия орындарының есебінде істелген жұмыстар айқын көрсетіліп, кемшіліктер қатты сыналуда тиіс. Бастауыш партия ұйымдары колхоз басқармаларының, кәсіп орындарының жұмысын тыңғылықты бақылау нұсқатын қалай пайдаланып келеді, олардың жұмысын жақсартуға, кемшіліктерді жоюға қалай көмектесті, коммунистер арасында тәрбие ісін жәй қандай, колхоз совхоздар мен МТСтарда, кәсіп орындары мен мекемелерде мемлекеттік тәртіпті күшейту үшін, коммунистердің социалистік жарыстағы жетекшілік ролін арттыру үшін, жұмыстағы озат тәжірибе мен іскерлік әдісін кеңінен қолдану үшін қалай күресіп келеді, төменнен жасалған сыға назар аударыла ма, коммунистердің ұсыныстары жүзеге асырыла ма,—мұны осы мәселелердің бәрін ерекше көңіл бөлу керек. Сөйтіп өсе беру-сайлау жыйылыстары сын және өзара сын ұранымен өткізілуде тиіс.

Партия жыйылыстары мен конференцияларын өткізуге мүлтіксіз әзірленумен бірге бұлардың өткізілу тәртібін коммунистерге жете түсіндіру керек болады. Бізде өсе беру сайлау жыйылыстарына туырып рет қатысатын жас коммунистер аз емес. Сондықтан партия ұйымдары бұл жолдастарға сайлаудың тәртібін, БК(б)П Орталық Комитетінің сайлау өткізу жөніндегі нұсқауын талдап түсіндіруге, олардың сайлауға белсене қатысуын қамтамасыз етіп, жыйылыстарды олар үшін саяси тәрбие мектебі болатын етуге міндетті.

Сайлауда қойылатын аса маңызды міндет—партияның басшы орындарына партиямыздың ісіне, Ленин—Сталин партиясы ісіне шексіз берілген таңдаулы коммунистерді сайлау болып саналады. Басшы партия орындарына ұсынылған әрбір кандидаттың іскерлік қаблеті, саяси-идеялық білім дәрежесі ескерілуде тиіс.

Басшы партия орындарының сайлауы батыр Қызыл Армиямыз жеңімпаздықпен шабуыл жасап, фашист аюанды оның өз үйінде жап-жағынан тегеуірленді қыспаққа алып отырған кезеңде өткізілгенді отыр. Сайлау кезіндегі ең басты міндет—өсе беру-сайлау жыйылыстарында идеялық-саяси қарғынан жоғары дәрежеде өткізілумен қатар, партия ұйымдары жұмысының неғұрлым күшейтілуін қамтамасыз ету, майда-ға көмекті еселеп арттыру, облысымыздың өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығын, халық шаруашылығының барлық саласын неғұрлым дамыту ісіне еңбекшілер бұхарасын жұмылдыра білу болып саналады.

орындарының сайлауы басталды Есе беру-сайлау жыйылыстарында көктемгі егіске әзірлік жұмыстарының барлық салаларына ерекше көңіл бөлініп, егіске барлық жағынан мүлтіксіз әзірлену, мал қыстату маусымын ойдағыдай өткізу жұмыстарының қарқыны еселеп күшейтілуге тиіс.

Совет Хабаршы бюросынан

2 ФЕВРАЛЬДАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

2 февральда Шығыс Пруссияда әскерлеріміз шабуыл жасай отырып, ДОМНАУ, ШИППЕНБАЙЛЬ, ГУТШТАДТ қалаларын алды, сол сыяқты 100ден аса басқа елді жерлерді, оның ішінде ГЕРМАУ, ДОМИТТЕН, ШЕНБРУХ, ЛАНГЕНДОРФ, ЛЯНДСКРОН, ЮДАТТЕН, ЛИСКЕН, ТРОМИТТЕН, РЕДЕНАУ, ПЕТЕРСХАГЕН, ЗЮСЕНБЕРГ, ШТОЛЬЦХАГЕН, АЛТКІРХ, БАЙСВАЛЬДЕ, ЛАУТЕРВАЛЬДЕ үлкен қыстақтарын ұрыспен алды.

ШНАЙДЕМЮЛЬ ауданында әскерлеріміз дұшпанның қоршауға алынған гарнизонын жою жөнінде ұрыстар жүргізді.

ОДЕРДЕГІ ФРАНКФУРТТЫҢ солтүстік-шығыс және шығыс жағында әскерлеріміз ЗОЛЬДИН, ДРОССЕН қалаларын ұрыспен алды, сол сыяқты 150ден аса басқа елді жерлерді, оның ішінде ШТАФЕЛЬДЕ, АЛТЛИММРИТЦ, РАДАХ, МАЛЬСОВ, ВАЛЛЬВИТЦ үлкен қыстақтарын алды.

ПОЗНАНЬ ауданында қалада қоршауға алынған дұшпанның әскер бөлімдерін жою жөнінде ұрыстар жүргізілді.

ЛЕШНО (ЛИССА) қаласының батыс жағында әскерлеріміз ОДЕР өзеніне жетті, сөйтіп КОЛЬЦИГ, КОНТОП, ЛИБЕНЦИГ, РОАДЕЛЬ, ПИРНИХ, ЛИППЕНА үлкен қыстақтарын алды.

БУДАПЕШТЕ әскерлеріміз қаланың батыс жақ бөлегінде (БУДА) қоршауға алынған дұшпанның гарнизонын жою жөнінде ұрыстар жүргізе отырып, 23 қыстақтарын алды.

1 февральда барлық майданда әскерлеріміз немістердің 133 танкі қырғатты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 26 самолёты атып түсірілді.

Шығыс Пруссияда әскерлеріміз шабуыл жасауда болды. Ұрыстардың барысында немістер еркін жөн шығып, ұшырауда. Шығыс Пруссияда дұшпанның әскер тобы Германияның орталық аудандарынан бөлініп тасталды. Жау қайткен күнде алып тұрған шөптер мен айрылып қалмауға тырысуда. Неміс офицерлері мен есесшілердің арнаулы командалары өздерінің кері негізін солдаттарын табан жерде атып тастауда. Совет әскерлері жауға қуатты ерекше бөре отырып, жаудың әскер тобын қоршау шеңберін барған сайын қыса түсуде.

Кенигсбергтің солтүстік-батыс жағында немістер Дампиг шығанағының жағалауынан 6 километр жердегі Гермау тіректі бекінісінен қуылып шығарылды. Инстербург қаласының оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз гитлершілердің қатты қарсылығын жеңе отырып, 10 километр алға басты, сөйтіп Домнау қаласын алды. Алде өзені бойымен шабуыл жасаушы өкілші бір бөлімдеріміз танкілер мен жау әскерлерін түнде шабуыл жасауы нәтижесінде Гутштадт қаласын алды. Бір күнгі ұрыстарда 4000-нан аса гитлершілер жойылды, дұшпанның 70 танкі, бронемашиналары мен бронетранспортерлері қырғатылды, сөйтіп 800 неміс қолға түсірілді.

Шнайдемюль ауданында әскерлеріміз қалада қоршауға алынған дұшпанның гарнизонын жою жөнінде ұрыстар жүргізді. Совет жауынгерлері шабуылшы топтарға бөлініп, қымыл жасай отырып, немістерді күшті бекіністі шөптерінен қуып шығарды. Бір батальондай гитлершілер жойылды, жаудан 1000-нан аса винтовка, қару-жарақ және соғыс мүлкі қойған бірнеше оқпақ қолға түсірілді. Жаудан адамдар қолға түсірілді.

Одердегі Франкфурт қаласының солтүстік-шығыс және шығыс жағында әскерлеріміз шабуыл жасауда болды. Дұшпан өзінің талқандалған әскерлерін тың күштермен үздіксіз күшейтіп, толықтыруда. Соңғы күндері немістер бірнеше дивизияларын және ондағы дербес күзет полиция батальондарымен тағы басқа батальондарын ұрысқа шығарды. Гитлершілер қарсыса қарсылық жасауда. Алайда совет әскерлерінің берген соққысы астында олар бір шөптен соң екінші шөбіне айналып, батысқа қарай жөңкіле кері негізінде. Н. құрамасының жауынгерлері орманды алқаптан

өтіп, алға басты, сөйтіп Юльден қаласын басып кірді. Бөлімдеріміз кескілескен ұрыста жаудың гарнизонын талқандап, қаланы алды. Бөлімдеріміз бүгін немістерді Одердегі Франкфурттың солтүстік-шығыс жағында 22 километр жердегі Дроссен қаласынан қуып шығарды. Ұрыс қаласында жаудың жүздеген әліктері қалды. Жаудан олжа және адамдар қолға түсірілді.

Лешно (Лисса) қаласының батыс жағында немістер әскерлеріміздің алға басуын тоқтатуға тырысты. Одер және Фауле-Обера өзендерінің шебіне Н. құрамасының бөлімдері дұшпанның бекіністі шөптерінен өтіп, қауырт алға басты, сөйтіп, Одер өзеніне жетті. Жаудың бөлшектелген отрядтары өзенге қарай тықсырылып, жойылды. Немістерден 29 танк пен өздігінен жүретін зеңбірек, 30 бронетранспортер және 35 зеңбірек қолға түсірілді. Немістердің 1500 солдатты мен офицері қолға түсірілді.

Совет ұшқыштары бір күнгі әуе ұрыстарында дұшпанның 16 самолётын атып түсірді. Мұнымен қатар, зенит зеңбіректеріміз немістердің 8 самолётын атып түсірді.

Будапеште әскерлеріміз қаланың батыс жақ бөлегінде қоршауға алынған дұшпанның әскер тобын жою жөнінде ұрыстар жүргізуде болды. Гитлершілер төс үйлерді ұзақ уақытқа арналып жасалған қыстақ қорғау шебіне айналып, қатты қарсылық көрсетті. Советтің шабуылшы әскер топтары артиллерияның көмегімен жаудың тіректі бекіністерін бұза отырып, батып алға басуда. Аға лейтенант Ивановтың артиллерияшылары зеңбіректі үлкен үйдің екінші және үшінші қабаттарына көтеріп шығарып, жауға дәлдеп оқ атты да, дұшпанның қарсылық жасау торабын жойып жіберді. Гитлершілердің абыржуымен пайдаланып, бөлімшелеріміз шабуылға шықты да немістерді бірнеше кварталдардан түріп шығарды, сөйтіп ұрыс жүргізу үшін қолайлы шөптерді алды. Офицер Кошницаның бөлімшесіндегі броня бұзушылар жаудың қарсы атакаларын тойтарып отырып, немістердің 3 танкіні өртеді. Екінші бір ұчаскеде бөлімдеріміз жаудың өкі батальонын талқандады. Немістер мен венгрлердің 478 солдатты мен офицері қолға түсірілді.

Қызыл Армия Баяттың флотының кемелері немістердің 23 мың тонналық 2 бронетоптың суға батырды.

Қазақ халқының отаншылдық дәстүрі

«Халықтың өмірінде айтулы кезеңдер болады. Ол кезеңдерде халық өзінің алып бейнесін, атқарған ісін айқын көреді. Оның ісін әрі күшті, әрі өткір нұр шұғыласы түсіп, аумақ көлемін айқын көрсетеді» («Правда»).

Аз кідіріп, артта қалған тарихи күндердің бір кезеңін қайта бір шолып өтейік. Тамбов колхозшыларының кең байтақ елімізге іздеме тараған отаншылдық үлгі-салтын алып, Қазақстан еңбекшілері «Қазақстан колхозшысы» деген жойқын бір танк колонадарын, «Советтік Қазақстан» деген авиация құрамаларын жасау қорына аз күннің ішінде 371 миллион сом үлес қосып, қаржыны әлі де жыйнап жатқан кезде, отанның шексіз сүйген Бекенбаев Оразбай сияқты ерлеріміздің бір өзі 300 мың сомды көсемімен беріп, жеңіс қорына бір өзі 6 танк қосқан кезде, бұл игілікті іспі даңқты қазақ халқы, еңбектеген жастан еңкейген көрігі дейін бір ауыздан мақұлдап, неміс-фашист ұмтырайларға қарсы күресіп жатқан майдандағы қазақ жауынгерлеріне өзінің ақ ниет, адал тілеуімен тарихының сырын, ту рашыл, шығар, ерлік жүрегінің жырын жазды. Бұл хатқа 2.631.506 адам қол қойды.

«Ардақты ұлдарымыз, туысқандарымыз. Қырындар жауды. Атқан оғың, сілтеген найзаң мұлт кетпесін. Жер аламын деп келген немістер жер-жастансын. Біздің жер—жаудың көрі болсын» деп жазды, шапқынған дәулеттің, сәулетті жаңа өмірдің қоқасы қазақ халқы.

Қазақ халқының бұл хаты майдандағы барлық совет жауынгерлеріне жолдаған жалынды үні еді. Бұл 1943 жылдың бас кезі болатын. Ол көз—бздің айыныды Қызыл Армия өзінің тарихи шабуылын бастап, Еділдегі қамалымыз—Сталинград қаласының түбінде немістердің 330 мың қолын талқандап, ұстағанын ұстап, басқасын көрте тыққан, немістерді батысқа қарай жөңкілте қуып бара жатқан сонау бір ұмытылмас күндер болатын.

Ал қазіргі? Біркі елімізде көптен асыға күткен мерекесі күні туып, бүкіл совет халқы, сонымен бірге қазақ халқы бүгін жүрегің кермеген шаттыққа бөленуде. Елімізге оқталған қанды семсер қаһарман Қызыл Армияның жеңімпаз қаруымен күйретіліп, жараланған фашист айуан өз үңгіріне қуылып тығылды. Барешово теңізінен Кара теңізге дейін созылған мемлекеттік шекарамыз қалпына келтірілді. Солтүстіктен оңтүстікке дейін 4,5 мыңнан аса километр, батыстан бастап шығысқа дейін 11 мың километр созылған, кеңдігі дүние жүзінде алғашдан бір бөлегін менгеріп жатқан 22 миллион шамасы шаршы километр хасиетті жеріміз жаудан толық және түпкілікті тазартылды.

Қызыл Армия қазір Польшаның, Чехословакия мен Югославияның халықтарына, олардың фашисттік теңізден қуылуына, көмектесуде.

Қызыл Армияның бұл табыстарына біздің қазақ жауынгерлері де ортақ. Олар майдандары ерлік істерімен өзінің қазақ халқының аманатын үлкен аброймен ақтады. Олар немістердің зәресін алып, үрейін ұшырған «қоныр түсті» қазақтардың қим екенін морттық мандай мөгегін тұмсық немістерге жақсылап танытты. Табылмас табылды, қайыспас қайсар екендерін көрсетті. Соғыс басталған кезден 1944 жылдың 1 октябріне дейінгі уақыттың ішінде 31.668 қазақ жауынгері Советтер Одағының ордендері мен медальдарына, наградқа алды, өзген ерлігі асқан 57 қазақ жауынгері Советтер Одағының Батыры деген аса хұрметті, жоғарғы атаққа ие болды. Сөйтіп, батырлық атак алу жағынан да, ордендер мен медальдар алу жағынан да қазақ жауынгерлері одақтас он алты республика жауынгерлерінің арасында төртінші орын алып отыр.

Кемегер қолбасшымыз, шанышпан көсеміміз Сталин жолдас совет халқы қаһарман халық деп атады. Көсеміміз берген зор атакқа біздің қазақ халқы да ортақ. Ол Қызыл Армияның тарихи жеңісіне ерлік еңбегімен өлшеусіз үлес қосты, майданды жауынгерлерді тылдан шын ниетімен қолдап отырды, қолдап та отыр.

Қаһарман қазақ халқы майдандағы бауырларға жолдаған хатында былай деп жазған:

Берілген серт айтылған жерден шықты. Бір айтқанын екі етпейтін атадан дәстүрі бар қазақ халқы майдан алдындағы азаматтық борышын аброймен орындады, орындап та отыр.

Тылдағы елде жеңіс қаруын үсті-үстіне шындап жатқан халықтың жанқырлық қыймылдарын мына цифрлардың өзі-ақ айттып береді. Қазақстан колхозшылары былығы жылы мемлекетке астықты 1940 жылдағыдан екі есе артық берді. Бір ғана Қарағанды облысының колхоздары 1944 жылдың өзінде 1940 жылдағыдан 1.465 мың пұт астықты артық берді. Қызыл Армия қорына жоспардан тыс 311.600 пұт астық тапсырды. Ал, Семей облысының Ново-Покровский ауданындағы «Қазырма» колхозының мүшелері соғыс жылдары кезінде мемлекетке 203.448 пұт астық, 5952 пұт ет, 416.117 литр сүт және ауыл шаруашылығының тағы басқа көптеген азық-түлігін берді.

Гурьев облысының еңбекшілері мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарын облыстың барлық колхоздары бойынша малдың барлық түрінен 11 айдың ішінде толық орындап шықты. Малдан өнетін азық-түлікті мемлекетке мерзімінен бұрын беріп 1945 жылдың есебіне жоспардан тыс 72.000 пұт, Қызыл Армия қорына 66.000 пұт ет тапсырды. Сөйтіп, Гурьев облысы Мемлекеттік Қорғау Комитетінің ауыспалы Қызыл Туын алды. Бүкіл Қазақстан колхозшылары мал шаруашылығын екпінді қарқымен қарыштап өркендетуге шақырып, жалынды жарыс туын жоғары көтерген Ново-богат ауданының колхозшылары өз облысының даңқын шығарумен бірге өздері де Мемлекеттік Қорғау Комитетінің ауыспалы Қызыл Туына ие болып отыр.

Қарағанды көміршілері 1944 жылдың 10 айында көмірді 1943 жылдың алғашқы 10 айындағыдан 15,4 процент артық шығарды. Ембінің мұнайшылары соғысқа дейінгі жылмен салыстырғанда 1943 жылы мұнайды 41,3 процент артық өндірді. Мыс алыбы Балқаштың жұмысшылары 1943 жылы қанша мыс шығарса, 1944 жылы өткен 9 айдың ішінде соңша мыс шығарды.

Соғыс кезінде Қазақстанның өзіне тән қара металлургия өнеркәсібі жасала бастады. Түпегіш алып—Ақтөбе ферросплав заводы қатарға қосылып, Отанға қолғап етіп жатыр. Жақын арада Қарағандының қара металлургия заводы аяғын қаз басып, іске қосылды.

Ұлы отан соғысы жылдарында Қазақстан майдан мен еліміздің қару-жарақ, оқ-дәрі, азық-түлік жөніндегі сарқылмайтын бай ордасына айналды. Отанның, оның толық ерлігі, өзінің еркін өмірін батырлықпен қорғайтын ежелгі дәстүрін болатын берік сақтаған қазақ халқы майданға, қызыл жауынгерлерге міне осылайша көмектесуде.

Гитлершіл Германия сияқты әрі күшті, әрі зұлым жауға өлтіре соққы берген алып күштің, совет адамдарының Отан соғысында көрсеткен ұлы ерлігінің негізі неде?

Мұның негізгі—нағыз хасиетті, нағыз әділетті советтік социалистік стройда, совет адамына рух беруші жалынды совет отаншылдығында. Совет отаншылдығы—осы жаңа қоғамдық стройдан туған. Ол совет халқының өз өмірінің тұлғасы және арқауы болып отырған хасиетті Отанға, советтік стройға, Ленин—Сталин партиясына шексіз сүйіспеншілігінен туып отыр. Жалынды совет отаншылдығы майдандағы жауынгерлеріміздің ұрыстағы мәңгі ошпейтін қаһармандығының, елдегі совет адамдарының еңбек майданындағы ерлік істерінің қайнар бұлағы.

Сталин жолдас былай деді: «Совет отаншылдығында халықтардың ұлттық дәстүрлері мен Советтер Одағының барлық еңбекшілерінің өздеріне жалпы ортақ тұрмыс мүдделері жарастылықпен ұштасып отырады».

Советтер Одағының барлық халықтары сияқты, қазақ халқы да өзінің ұлттық дәстүрлерін Отан мүдделерімен тығыз ұштастырып отыр. Өйткені ол «Отан жері—менің жерім. Отан жауы—менің де жауым» деп түсінеді. Сондықтан та жүздеген жыл тар кезең, тайғақ асудан сансыз азаппен өткен, тек ұлы Октябрьлік арқасында ғана терезесі тең ел болып, бақытқа қолы жеткен қазақ халқы Отанның қорғудан ешнәрсе де аямайды.

Осындай ұлы сезім, жалынды отаншылдық сезім, санасына рухтан дем берген, бойына қуат болған Қалпа Бектөбеов Екінші Соғыс Қарызы таратылғанда бір өзі 1 миллион 36 мың сом қаржысын жеңіс қорына салды.

хатында,—менің де ой-тілегім—неміс-фашист бандиттерді жеңуіміз тез талқандау... Бұл тілегіміз орындалуы үшін, бүкіл еліміздің қайтадан ерлікті, бақытты өмір сүруі үшін мені ешнәрсе де аямаймын.

Совет адамының бұл қалтарыссыз сөзі—жалынды совет отаншылдығының айқын белгісі. Совет адамының өз Отанына, өз мемлекетіне сүйіспеншілігінде шек жоқ. Дүние жүзін түгел аралап, жат жерде жат елдің «түгіме шаң жуытпадым, нәсіліме дақ түсірмедім» деп кеуделерін керген шойын төс шоңжарларын белдескен жерден мерт етіп, ата-бабамыздың аруағын раны қылған, өз халқының, өзінің совет Отанының намысын берік сақтап, атағын аспапқа көтерген қазақтың қарт палуаны Хажымұқан Мұңайтпасов 100 мың сом ақша беріп, 19 пұт астығын тиіп майдандағы жауынгерлерге жөнелтті.

Совет адамының моральдық идеясы, советтік стройдан туған азаматтық, қоғамдық борышын түсіну идеясы ұлы күш екенін, совет адамының бойына біткен алып күш екенін Отан соғысы айқын көрсетті. Бұл күш ерлік істерге ұмтылдырды. Бірнеше мысалдар келтірейік.

Павлодар облысы, Лебяжі ауданының «Қызыл қоғам» колхозындағы атақты Мұнира Сатыбалдинаның жоғарғы өнімді зеносы бидайдың ор гектарынан 192 пұттан өнім алды. Оңтүстік Қазақстан облысы, Ильич ауданы, Киров атындағы колхоздың мүшесі 64 жастағы қарт Жүзжігітов Оразмет өзіне бекітіліп берілген тапалтын ор гектарынан 93 центнерден мақта өсіріп, атағы бүкіл аймаққа жайылды.

Алматы облысының Іле ауданындағы «Қызыл қайрат» колхозының бақташысы Тойынбаев Белдібай алдына салып берген отарлы малдың бір де бірін шетінетпей аман бағып, ерлік еңбегіне 153 пұт астық, 8 мың сом ақша, 10 қой алып отыр.

Кенді өзі тиіп түсіретін вагонды (думкарды) жоспа бойынша 36 жұмыс күнінде жөндеудің орнына Қонырат кенінің слесарі Жәңбілқиян жолдасы бір өзі бір күнде жөндеп шыққан болса, Алшай кенінің бұрғышысы коммунист Баядов бір сменіде бір өзі 14 забойшының жұмысын орындады. Никельді Кемпірсайдың кеншілері жылдық жоспарды мерзімінен бір ай бұрын орындап, кеннің өз бағасын арзандату есебінен 3 миллион сом қаржы үнемдеген болса, Жезқазған кеншілері Мемлекеттік Қорғау Комитетінің ауыспалы Қызыл Туын 14 рет қатарынан алып, қолдарында берік ұстап келеді. Олар жеңіс қорына жоспардан тыс 60 шелеон кен берді. Сол Жезқазғанда істейтін атакты бұрғышы Балмұқанов Аймұқан бір жылда 60 рекорд жасап, сталиндік жеңіс қорына 10 мың тонна кен шығарып берді.

Тастүйін тобын бастап, көмірден тау көтерген Устай Ержұмановты алайық. Қарағандының 18-шахтасындағы Устайдың учаскесі быйыл 10 айда 8 мың тонна көмірді жоспардан артық берді. 8 мың тонна көмір, 20 мың тонна болат қорытаты екен. Ал 20 мың тонна болаттан: 128 танк, 176 зеңбірек, 51.200 миномет, 96.000 автомат жасалынады. Ержұманов бастаған ерлер майданға міне осылай көмектесуде. Олар мұны Отанның шексіз сүйгендіктен, жауды мейлінше жек көретіндіктен істеп отыр.

Халық бұқарасының Отанды қорғауға қазіргі Отан соғысы кезіндегідей жанқырлықпен қатынасуы бүкіл өткен тарихта еш уақытта болып көрген емес. «Қазіргі уақытта. Отан соғысы ұлы жеңіспен аяқталуға жақындаған кезде, совет халқының тарихи орны барында толық көрінеді. Совет халқы өзінің жанқырлық күресімен Еуропа мәдениетін фашист талаушылардан құтқарғанын қазір жұрттың бәрі мойындап отыр. Совет халқының адам баласының тарихы алдындағы ұлы еңбегі осында» (И. Сталин).

Бүкіл халқымыздың ерлік юіне Сталин жолдасын зор баға беруі совет адамдарының бәрін мейлінше жігерлендіріп, соғыс майданы мен еңбек майданында жаңа ерлік істерге жұмылдырды. Сталин жолдасын сөздері халқымыздың күшіне жаңадан күш қосты.

Отаншылдық рухы күшті қазақ халқы, достығы мен ынтымағы ынғайған туысқан барлық совет халықтарымен бір санта болып, кемегер Сталиннің басшылығы арқасында әлі де талай тарихи жеңістерге жетеді, гитлершіл Германияны талқандау ісін жеңіспен аяқтасын, ерлікті советтік Отаншылдығы гүлдендіру үшін, бақыттымыз, болашағымыз үшін алға басады, болашақтың биік шыңына апаратын ұлы көпірден еркін басып өтеді. Ол күндер халықтың өміріндегі айтулы кезең, халықтың ерлік тарихына алтынмен жазылатын көкең бол-

Мал қыстату маусымын үлгілі өткізейік!

ЖАУАПСЫЗ БАСШЫЛАР

Октябрь ауданындағы «Жаңа талап» колхозы мал басын өсіру және оның өнімін арттыру жөнінде кешіргісіз артта қалып келеді. Мұнда өткен жылы мал өсірудің мемлекеттік жоспары түліктің барлық түрінен де орындалмады. Мал шаруашылығы өнімінің артпауы салдарынан колхоз мемлекетке 26395 литр сүт тапсыру орнына, 9835 литр ғана сүт тапсырды.

Бұл цифрлар колхоз басшыларының, оның ішінде колхоз председателінің мал шаруашылығы жөніндегі орынбасары Рахметов жолдасын мал басын өсіріп, оның өнімін аттыруға жете көңіл бөлмегендігін, өткен қыста мал қыстатуды сылбыр ұйымдастырып, мал шығынына жол бергендігін көрсетеді. Мұнымен бірге, колхоз фермасында есеп жұмыс жолға қойылмады. Аяпова және Құдабаева жолдасы сыяқты сауыншылардың жыл бойына қанша сүт сауғанын біліп болмайды.

Рахметов жолдас быйыл да мал қыстату маусымына неміскетті қарады. Сондықтан да колхозда мал азығын дайындау жоспары орындалмады. Ол олма, қыстауларға мал азығын тасу жұмысы мүлде ұмыт қалған.

—Қыстың көзі қырау, мал азығы қорын неге жасап алмадыңыздар,—деген сұрауға Рахметов жолдас:

—Бір жөні болар,—деп жайбарақат ғана жауап береді.

Колхоз басшылары қоғамдық малды жылы қорамең де қамтамасыз етпеген. Қазір мал қоралары суық, төл үйлерінде неш жоқ. Қоңы төмен малдарды ерекше күту жұмысы ұйымдастырылмаған. Малдардың тұратын орны дер кезінде тазаланбайды. Міне осының барлығы қоғамдық малдың сақылдаған сары аязда суықта тұруына әкеліп соқты.

С. ШӘЙМЕРДЕНОВ.

ТӨЛ МӘПЕЛЕП КҮТІЛУДЕ

Жамал Мұқышева жолдас таңдаулы мал өсірушілердің бірі. Ол мал шаруашылығындағы үздік еңбегі үшін 1942 жылы «Еңбектегі ерлігі үшін» медалмен наградталған. Быйыл колхоз басшылары Мұқышева жолдасы жұмыстың жауапты учаскесіне жіберді. Ол қазір төл күтеді. Мұқышева жолдас бұл жұмысқа кіріспестен бұрын, колхозшылардың жалпы жыйылысында сөз сөйлеп, бірде-бір төлді шығынға ұшыратпауға серт берді.

Оның серті мен ісі бір жерден шықты. Бірде-бір төлдің шығынға ұшырамауы үшін күш жұмсауда. Ол жас төлді мәпелеп күтуде.

Колхоз мал шаруашылығының қызметкерлері мал қыстатуды үлгілі өткізу үшін күш жұмсап, төл алу маусымына ойдағыдай әзірленуге белсене қатысты. Сөйтіп қыстау жанына 4000 центнер пішен және 200 центнер сабан тасып алды.

Совет ауданындағы «Сартмар» колхозының малшылары мал қыстатуды мол әзірлікпен қарсы алып, оны ойдағыдай өткізуде.

К. АҚМЕТОВ.

Бұйым өндірудің жаңа түрін игерді

Петропавл ет комбинатындағы Присхер жолдасын басқаруындағы көпшілік қолды бұйымдар өндіретін цех мүйізден түйіне жасап шығару жұмысын игерді. Өндіретін жаңа түрін игеруде механик Вородаева, слесарь Белохвостов жолдасар қажырлы еңбек істеді. Олар қазіргі күнде түйіне өндіретін станоктардың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуде. Цех қазіргі өзінде күн сайын 2 мың дана түйіне өндіріп, тапсырманы ойдағыдай орындауда.

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

Партия ұйымдарының есеп беру-сайлау жыйылыстары

МАМЛЮТ АУДАНЫ.

Жақын арада «Қызыл байрақ» колхозы бастауыш партия ұйымының есеп беру-сайлау жыйылысы болып өтті. Жыйылыста партия ұйымының жұмысы туралы бастауыш партия ұйымының секретарі Шагвалдиев жолдас есеп берді.

Баяндамашы егін және мал шаруашылығын өркендету жөнінде партия ұйымының бірсыпыра игілікті істер істегендігін айта келіп, колхозда астық тапсыру жоспарының орындалмағандығына, мал азығын жеткілікті мөлшерде дайындау ісін қанағаттанғысыз болғандығына, жазғы маусымда малды шұрайлы жайылымдарға бағу жөніндегі мүмкіндіктердің жеткіліксіз пайдаланылғандығына, осының салдарынан түлкі тің қоны төмен екендігіне тоқталды.

Колхоз коммунистері көпшілік-саясат жұмысының пәрменді түрде жүргізілуі—істің табысты болуының түйінін шешетіндігін жете ескермеді. Таңдаулы адамдардың іс-тәжірибесі жұртшылық игілігіне айналдырылмады. Міне сондықтан да көктемгі егіске әзірлік жұмысы айтарлықтай ұйымдастырылмады. Ауыл шаруашылық машина саймандарын жөндеудің өткен айдағы жоспары орындалмады.

Бұдан әрі Шагвалдиев жолдас партия ұйымының еңбекшілер бұқарасымен байланысын неғұрлым күшейту арқылы колхозшыларды игілікті іске жұмылдыра білу, коммунистердің еңбек майданында іс-үлгісін, тартпалықтың жоғары өнегесін көрсетуі жөнінде белгіленген жұмыстарға тоқталды.

Секретарьдың есебі бойынша коммунистер Бектеміров, Әубәкіров және басқа жолдастар сөз сөйледі. Олар партия қатарының өткен жылмен салыстырғанда одан үйір өскендігін, коммунистердің саяси-идеялық білім дәрежесін арттыруына партия ұйымының ерекше күш жұмсағандығын, мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарын орындауда бірсыпыра жұмыстар істегенін айтты. Мұнымен қатар, олар партия жыйылысының сирек өткізілетіндігін, алынған қаулылардың орындалу уақытында тексеріліп отырылмағандығын, үгітшілерге нақтылы көмек көрсетіліп, олармен нұсқау мәслихатының уақтылы өткізілмей келгендігін, ауыл шаруашылығы жөнінде тәжірибесі мол колхозшылармен жеке-кеңіге ұйымдастырылмай келгендігін сыпаттайтын мысалдар келтірді.

Жыйылыста коммунистер партия ұйымының комсомол-жастар арасында тәрбиелік ісін айтарлықтай ұйымдастырмағанын, колхоз өндірісінде қажірлі еңбек істеп, іс-үлгісін көрсете білген таңдауды жастарды партия қатарына қабылдауда істі ай-

тарлықтай өрістете алмағандығын қатты сынға алды.

Жыйылыста болған елеулі кемшіліктерді дереу жойып, партия ұйымының жұмысын жоғары дәрежеге көтеруді көздеген нақтылы шаралар белгіленді. Жабық дауыс беру жолымен бастауыш партия ұйымының секретарі болып Шагвалдиев жолдас қайта сайланды.

М. ХОЛИН,

Аудандық газеттің редакторы.

ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ АУДАНЫ

Облыстық байланыс бөлімі бастауыш партия ұйымының есеп беру-сайлау жыйылысы болып өтті. Жыйылыста партия ұйымының секретарі Сабровский жолдас партия ұйымының істеген жұмысына есеп берді.

Сабровский жолдас партия ұйымының істеген жұмысына толық тоқталып, бірсыпыра жұмыстардың нәтижелерін атап айтты. Мұнымен бірге, ол партия ұйымының жұмысындағы елеулі кемшіліктерге тоқталды.

Баяндама бойынша 13 адам жарыс сөзге шығып сөйледі. Жыйылыста сөз сөйлеген Толкова, Қарташов, Павлова тағы басқа жолдастар партия ұйымы секретарының жұмысын қатты сынға алды. Партия ұйымының үгітшілер тобына көмегінің аз болғандығын, өндірістегі тәжірибелі жұмысшылар мен қызметкерлердің өзара тәжірибе ауыстыру ісін ұйымдастырылмай келгендігін, партия қатарына таңдаулы адамдарды қабылдау жұмысы айтарлықтай болмағандығын баяндама бойынша сөз сөйлеген жолдастар атап көрсетті.

—Партия ұйымының ішкі жұмыстарын жақсарту,—деді Қарташов жолдас,—оның шаруашылық мәселесіне басшылық етуіне, өз қаулыларының орындалуын үжемі бақылап, одан нақтылы қорытынды жасап отыруына, сөйтіп комсомол-жастар арасында саяси-тәрбие жұмысын күшейтуіне, партия жыйылысында қаралатын мәселенің алдын-ала әзірленіп, дер кезінде өткізілуіне байланысты. Бірақ бізде партия ұйымының ішкі жұмысын жақсартудағы бұл ерекшеліктер ескерілмеді. Тіпті, партия ұйымы жұмысының жоспарсыз жүргізілген кездері де болды.

Коммунистер бұл жыйылыста жабық жауап берген дауыспен Водолянов жолдасы партия ұйымының секретарлығына сайлады. Сөйтіп есеп беру-сайлау жыйылысына дейін болып келген кемшіліктерді дереу жойып, партия ұйымының жұмысын мейлінше жақсартуды жаңа составтың алдына жауапкершілік міндеттердің бірі етіп қойды.

И. УӘЙІСОВ.

Үгіт-көпшілік жұмысын мейлінше өрістетейік

Бастауыш партия ұйымы колхозды ауылда көпшілік-саясат ісін неғұрлым жақсарту, колхозшылар арасында агротехника-зоотехникалық және дәрігерлік ғылымды кеңінен тарату ісіне ерекше назар аударды. Мұнымен қатар, колхоз партия ұйымы Қостанай облысы саяси-ағарту қызметкерлерінің үндеуін қошеметпен қарсы алып, іске қызу кірісті.

Қазір колхоз клубы жанынан оқу үйі ұйымдастырылып, жабықталды. Колхозшылар жұмыстан бос уақытында оқу үйіне келіп, уақытты мәдениетті өткізеді. Үгітшілер газеттер мен журналдардан Совет Хабаршы бюросының мәліметтерін, партия мен үкметтің қаулы-қарарларын, совет адамдарының майдан мен тылдағы ерлік істері туралы мақалалар мен очерктерді колхозшыларға оқып, нәсихаттайды. Бес күнде бір рет жауынгерлік листоктар, он күнде бір рет қабырға газеттері шығарылады. Оларда таңдаулы адамдардың іс-тәжірибесі жазылып, көпшіліктің игілігіне айналдырылады.

Оқу үйі колхозда мәдениет ісін ортамына айналды. Онда егін шаруашылығы мен мал шаруашылығы жөнінде тәжірибесі мол маман колхозшылардың өндірістік мәслихаты жиі өткізіліп тұрады. Бір аптада істелген жұмыс қорытылады. Сөйтіп, көктемгі егіске мүлтіксіз әзірленіп, оны қысқа

мерзімде сапалы түрде аяқтауды нақты шаралары белгіленеді.

Үгіт-көпшілік жұмысының пәрменді түрде жүргізілуі колхозшыларды өнімді еңбек істеуге жұмылдыра түсті. Соның нәтижесінде колхозда өткен декабрь айының жұмыс жоспары артығымен орындалды. Қысқа керекті мал азығының 70 проценті қыстауларға тасылып үйілді. Егін алаңының 411 гектарына қар тоқтатылды. Ауыл шаруашылық құрал-саймандарынан 6 соқа, 26 тырма, 8 ат қамыты, 28 жарма жөнде-ліп болды.

Бұл жұмыста үгітшілер іс-үлгісін көрсетті. Олар Сталин жолдасын тарихи баяндамасы мен бұйрықтарын еңбекшілерге жете түсіндіріп, оларды қажірлі еңбек істеуге жұмылдырды. Үгітші коммунистер Нұртазина, Тілеулина жолдастар үгіт-көпшілік жұмыстарын ойдағыдай жүргізумен бірге, аянбай еңбек істеп, жұмыс тапсырмасын екі-үш есе артығымен орындады. Үгітшілердің бұл іс-үлгісі колхозшыларға көп әсер етті.

Колхозшылар арасында үгіт-көпшілік жұмысын кең өрістете отырып, ауыл шаруашылық жұмыстарында жаңа табыстарға жетеміз.

Т. АЛТЫБАЕВ,

Совет ауданындағы «Баянды» колхозы бастауыш партия ұйымының секретарі.

Мектептерге көмектесу— бүкіл халықтық іс

П. ПРИСЫЧ,

ҚК(б)П обкомі мектеп бөлімінің меңгерушісі.

Қызыл орда облысындағы Шиели ауданы колхозшыларының мектептер мен оқытушыларға көмек көрсету жөніндегі игілікті бастамасын облыс колхозшылары мен өнеркәсіп орындарының коллективтері қызу қолдады. Олар мектеп үйлері мен мектеп мүлкін жөндеуге, мектептер мен оқытушыларға керекті отын дайындап, оны мектеп жанына тасып үйі жұмысына көп күш жұмсады.

Мектептерде балалар үшін ыстық ас ұйымдастыру, майданшылар мен отан соғыс мүгедектерінің балаларын киім-кешекпен, аяқ киімдермен қамтамасыз ету жөнінде де бірталай жұмыстар істелді.

Мектептерді жөндеуде әсіресе Октябрь ауданының колхоздары зор көмек көрсетті. Бұл ауданда колхозшылардың күшімен 27 мектеп және бұлардың мүлкі түгел жөнделді. Мектептер үшін 3300 текше метр отын дайындалды. 142 гектар жерге дәнді егіс және оғаш егіліп, бұдан алынған өніммен қазір оқушыларға түскі ыстық ас дайындалатын болды.

Байтелиннов жолдас председатель болып істейтін «Красный Октябрь» колхозы мектепке тынығлықты көмектесті. Бұл колхоздары мектеп жақсы жөнделіп, керекті отынмен толық жабдықталды. Сол сияқты Чапаев атындағы колхоз (председателі Ақаев жолдас) оқу жылы басталардан көп бұрын мектепті қайта жөндеп, оның мүлкін қалпына келтірді. Жетпейтін мүлкті жаңадан дайындады. Керекті отын да жеткілікті әзірленіп, мектеп жанына тасылып үйілді.

Шиелиліктердің үндеуін Петропавл ауданының колхозшылары да ықыласпен қолдады. Көптеген ауыл шаруашылық артельтерінің мүшелері бұл үндеуді өздерінің жыйылыстарында талқылап, мектептерге көмек көрсету жөнінде нақтылы міндеттемелер алды. Алынған міндеттемелер аброймен орындалды. Аудандағы барлық мектептер колхозшылардың күшімен жөнде-ліп, отынмен қамтамасыз етілді. Мектептерге арналып егін егілді, оқытушыларға колхоздар тұқымдық картоф бөліп берді. Олардың егін егуіне көмек көрсетілді. Сөйтіп оқытушылар оғашпен қамтамасыз болды. Аудан оқытушыларының 30 процентінің сауып сыйыры бар.

Мектептер мен оқытушыларға көмек көрсету жөнінде «Ударник» (председателі Осташков жолдас), Буденный атындағы (председателі Овсянник жолдас) колхоздар тағы басқа артельдер айтарлықтай жұмыс істеді. Мектептерді жаңа оқу жылына дайындау ісіне Преснов ауданының колхоздары, әсіресе Аманкелді атындағы (председателі Тұралин жолдас), «Үлгі» (председателі Қасенова жолдас), «Труд турок» (председателі Коврушко жолдас), «Пламя» (председателі Калугин жолдас) колхоздарының колхозшылары белсене қатысты. Олар мектептерді толық жөндеп, керекті отынды дайындап берді, мектеп мүлкін жөндеуде зор көмек көрсетіп, оқы-

тушылардың пәтер үйлерін ондады. Оқытушылар колхоздардан азық-түлік алып тұрады. Колхозшылар оқытушыларды етеі қадірлеп, оларға қажетті көмек көрсетіп отырады.

Мектептерді жөндеу ісіне әсіресе Петропавлдағы құрлыс мекемесі, Серпуховичин жолдас директор болып істейтін завод коллективі ерекше көңіл бөліп, едәуір жұмыстар істеді. Олар жөндеу жұмысына жұмысшы күшін бөліп, керекті жабдықпен қамтамасыз етті.

Мұның бәрі партия, совет, комсомол ұйымдары және оқу бөлімдері еңбекшілер арасында көпшілік-түсінік жұмыстарын ойдағыдай жүргізген жерде, Шиели колхозшыларының игілікті бастамасы жаппай қолдау тапқандығын, осының нәтижесінде көптеген мектептердің жеткілікті көмек алып, олардың бірқалыпты жұмыс істеуіне жағдай жасалғандығын ыспаттайды.

Алайда бұл игілікті іс облысымыздың барлық колхоздарында бірдей жүзеге асырылды деуге болмайды. Мысалы, Конохов, Соколов, Совет, Мамлют аудандарының партия және совет ұйымдары бұл үндеуді колхозшылар арасында кеңінен талқылау ісіне жете көңіл бөлмеді. Осының салдарынан, мектептерге жеткілікті көмек көрсетілмеді. Бірсыпыра мектептер жеткілікті жәрдем ала алмай, әлі күнге дейін отынсыз отыр. Соколов ауданындағы Сүмскі 7 жылдық мектебінде де жағдай осындай. Бұл мектеп оқытушыларының өз күшімен дайындаған отынның тасып алуына колхоз председателі Королев көңіл бермеген.

Конохов ауданындағы Заросный мектебі мұғалімдерінің тұрмыс жағдайына ауылдық совет председателі тіпті көңіл бөлмеген. Оқытушылардың көбі пәтер үймен қамтамасыз етілмеген. Полудень ауданының мектептерінде де істің жөні осындай. Бұл аудандағы «Путь социализма» (председателі Қанюков жолдас) колхозында ғана мектеп жақсы жөнделіп, отын дайындалған. Басқа колхоздарда мектеп отынмен жабдықталмаған.

ҚК(б)П Орталық Комитетінің Х пленумы мектептерде оқу-тәрбие жұмысын жоғары саптыға көтеру ісін партия, совет, комсомол ұйымдары мен халық ағарту орындарының алдына ең басты міндет етіп қойған болатын. Бұл міндетті мүлтіксіз орындау үшін партия және совет орындары мектептер мен оқытушылардың бірқалыпты жұмыс етуіне тиісті жағдай жасауы керек. Жас жеткіншектерге сапалы білім, сапалы тәрбие беру жөніндегі міндеттерді аброймен орындау үшін мектептер мен мұғалімдерге күнбе-күн қамқорлық жасап отыру қажет.

Мектептер мен мұғалімдерге көмек көрсету—бүкіл халықтық іс. Бұл игілікті іске барлық партия, совет, комсомол, шаруашылық ұйымдары және бүкіл жұртшылық бөліп белсене қатысуға тиіс.

Екі мектепте оқу жұмысының барысы

Спаскы ауыл советіндегі (Преснов ауданы) «Тау ағаш» орталау мектебінде оқу жұмысы ойдағыдай жүргізіліп келеді. Мектеп оқытушыларының балаларға сапалы білім, сапалы тәрбие беру ісіне ойдағыдай көңіл бөлуі арқасында іс нәтижесі айтарлықтай болып отыр. Мектепте оқу тағайындалған программа бойынша өткізіледі. Мектепте ГСО, ПВХО және ГТО үйірмелері ұйымдастырылып, бұларды басқару үшін маңдай алып оқушылар бөлінді. Мектепте комсомол ұйымының жұмысы да ойдағыдай жүргізілуде.

Осы мектепке көршілес Сарман бастауыш мектебінде оқу жұмысы мүлде на-

зар. Бұл мектепте барлығы 30 оқушы бар. Оқытушы Сүрағанова жолдас 25 күн ауырып қалғанда оқушылар оқусыз қалды. Ал мектеп меңгерушісі Базарбаев жолдас бұл балаларды оқыту ісімен шұғылданбады. Оның қарамағындағы оқушылар оқуды бір күн оқиды, бір күн оқымайды. Мектепке керекті отын дайындалмаған. Базарбаев жолдасының қабілетсіздігі салдарынан, оқу жылының бірінші жартысы нәтижелі өткізілмеді.

Ендігі жерде Базарбаев жолдас бұл елеулі кемшіліктерді дереу жойып оқу жұмысын жөнге қоюға тиіс.

А. Э.

Нөктемгі егіске майдандағыша өзірленейік!

АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРЛЫ СОВХОЗДА

Вулаев ауданындағы Чистян совхозының коллективі (директоры Шагимарданов жолдас) соғыс кезінің қиыншылықтарын жеңе отырып, совхоз шаруашылығын өркендетуде. Ол үшін тракторлар мен комбайн паркін күшін толық пайдалануда өнегелі әрі үлгісін көрсетуде. Олар өткен жылы республика совхоздарының егіннен мол өнім алу жолындағы социалистік жарысының жаршысы болған еді. Совхоз коллективі социалистік жарыста алған міндеттемелерін аброймен орындап шықты. Трактор және комбайндармен істелетін жұмыс жоспарын артығымен орындады. Егін даласында бітік егін өсіріп оны дор кезінде шысырапсыз жыйнап алды. Сөйтіп мемлект алдындағы борышты мерзімінен бұрын өтеумен бірге, мемлекетке жоспардан тыс мыңдаған пұт астық тапсырды.

Қазір МТС коллективі 1945 жылдың көктем егісіне қызу әзірленіп жатыр. Олар трактор жөндеу жұмысына ойдағыдай әзірлікпен кірісті. Егіс даласындағы тракторлар кейін қайтқанға дейін совхоз мастерскойы тракторларды жөндеуге толық даярланды. Мастерскойдың трактор жөндеушілері көптеген қосалқы бөлшектер жасап, ескілерін жаңартты. Бұл трактор жөндеу жұмысында совхоз коллективінің зор табысқа жетуін қамтамасыз етті. Төртінші тоқсанда 20 трактор жөндеді, тоқсандық тапсырманың орындалуы 166 процентке жетті.

Трактор жөндеушілер Старо-Бешевскі МТСы трактор жөндеушілерінің үлгісі бойынша, өзара социалистік жарысты өрістете отырып, еңбек өнімін артрудың, сөйтіп стахановтық қозғалысты өрістете берудің тамаша үлгілерін көрсетуде. Михайлов жолдасының моторшылар бригадасы төртінші тоқсанда 20 мотор, бірінші тоқсанның алғашқы он күнінде 5 мотор жөндеді. Бұл бригаданың мүшелері өндірістік тапсырманы үнемі 180—200 процент орындап жүр. Төртінші тоқсанның қорытындысында 20 адам жұмыс тапсырмасын 200 проценттен 28 адам 150 проценттен және 60 адам 100 проценттен орындап отырған болып шықты. Бұл мастерскойда жұмыс тапсырмасын орындамайтын бірде-бір трактор жөндеуші

және бригада болмағандығын ыспаттайды.

Совхоз мастерскойында слесарь Рубан және фрезеровщик Чижов сыяқты тандаулы стахановшылар бар. Бұлар шынымен еңбек өнімін күн сайын еселеп арттырып, тапсырманы 250—300 процент орындап келеді. Бұлардың атқарған жұмыстарында ешбір жарамсыздық болып көрген емес. Слесарьлардың және токарьлардың жан аямай жұмыс істеулері нәтижесінде, бүгінгі күнге дейін 108 мың сомның қосалқы бөлшектері жаңартылды және қайтадан жасалды. Ол бөлшектердің ішінде цилиндр головкасы, ЧТЗ цилиндрі, ішкі және сыртқы барабандар сыяқты күрделі бөлшектер бар.

Трактор жөндеушілер арасында еңбек ұйымдастыру және саяси-ағарту жұмыстары жолға қойылды. Жұмыстың алғашқы кездерінде жұмысқа жауапсыз қарайтын кейбір жұмысшыларға дор кезінде ескерту жасалынды. Үгітші Марков, Капранов, Плехотников және Михайлов жолдасстар мастерскойда қабырға газетін уақытында шығарып отырды. Үгіт-көпшілік жұмысын тікелей өндіріске байланыстыра жүргізді. Міне табыс кілтін осылар шешті.

Совхозда механизация қызметкерлерін даярлау ісі де ұмыт қалдырылған жоқ. Қазір совхоз орталығында 24 адам оқып жатыр. Олар оқудан бос уақыттарын мастерскойда, нақтылы жұмыс үстінде өткізеді. Мұнымен бірге Қызыл астық совхозындағы механизация мектебіне 16 адам жіберілді.

Трактор жөндеушілер Батыр Қызыл Армияның 27 жылдығы қарсаңындағы социалистік жарысқа ұйысты. Олар 20 февральға дейін тракторлар мен тіркеу саймандарын жөндеу жұмысын аяқтауға міндеттеніп, Возвышен астық совхозының тракторшыларын социалистік жарысқа шақырды.

Трактор жөндеушілер Қызыл Армияның нақты мөреkesіне лайықты тартулар әзірлеуге күш жұмсауда. Олар қазір екі тракторды жөндеп шығарды. Тааудары 2—3 күнде тағы да 3 трактор жөндедіп шықпақ.

Ж. ОСПАНОВ.

Егіс жеріне қар мол тоқтатылуда

Ленин ауданындағы «Актас» ауыл шаруашылық артелінің мүшелері (председателі Мұқаметжанов жолдас) көктемгі егіске қызу әзірленуде. Өткен жылы колхоз бітік егін өсірді. Мемлекетке астық тапсыру жоспарын ауданда бірінші болып орындап, Қызыл Армия қорына жоспардан тыс 1256 пұт астық тапсырды. Колхоз мүшелері былай егіннен неғұрлым мол өнім алу үшін ауыл шаруашылық машиналары мен құрал-жабдықтарын жөндеу жұмысын жегізген аяқтап, көзді қысқы агротехникалық шараларды жүзеге асыруға кірісті. Қарлы көп тоқтату үшін 100 гектар егіс алаңына қалқан орнатылды. Жергілікті тыңайтқыш заттар жыйнау жұмысы да кең өріс алуда. Қазірдің өзінде егіс алаңына ондаған тонна көң тасылып үгілді.

Көктемгі егіске ойдағыдай әзірленіп жатқандардың бірі—Сақия жолдас председа-

тель болып істейтін «Искра» колхозы. Бұл колхоздың мүшелері ауыл шаруашылық машиналары мен құрал-жабдықтарын жөндеу жұмысын шынымен егінде ұйымдастырды. Сөйтіп, 18 соқаны, 63 тырманы және 5 тұқым сеппішті жөндеп қойды.

Колхоз басшылары қар тоқтату және жергілікті тыңайтқыштар әзірлеу жұмысына барлық колхозшыларды жұмылдырды. Осының нәтижесінде 18 центнер күл және 7 центнер күс қиы жыйналды. Егіс даласына 120 центнер көң тасылып төгілді. Қар тоқтатуға арнаулы звена құрылып оған тандаулы колхозшылар іріктеліп алынды. Қар тоқтатушылар звеносының мүшелері жанаямай жұмыс істеп, қысқа мерзім ішінде 90 гектар егіс алаңына қар тоқтатты.

А. БУГАЕВ.

ЖЕҢІС ҚОРЫНА

Қызыл Армияның тамаша жеңістерімен жігерленген Ленин ауданының колхозшылары жеңіс қорына жеке меншіктерінен астық тапсыру жұмысын қызу жүргізді.

Қызыл Армия қорына «Бірлік» колхозының председателі Жұматаев жолдас өз меншігінен 6 пұт астық тапсырып, басқаларға үлгі көрсетті. Колхоздағы трактор бригадасының бригадирі Ғали Әміров жол-

дас өз меншігінен 12 пұт, Отан соғысының мүгедегі тракторшы Нұрмолда Бабаев жолдас 13 пұт, колхоз есепшісі Қанжолдин және Шалабаев жолдасстар 3 пұттан астық тапсырды. Сөйтіп, «Бірлік» ауыл шаруашылық артелінің колхозшылары жеңіс қорына 60 пұт астық тапсырды.

Ә. АЙСИНА.

ССРО мен Финляндия арасында сауда жайындағы келіссөз жөнінде

Финляндия беретін стратегиялық шикізат есесіне Финляндияны ССРОдан берілетін азық-түлік продуктыларымен жабдықтау туралы Финляндия мен ССРО арасында жүргізілген келіссөз 1945 жылғы 31 январьда ССР Одағы Үкіметі мен Финляндия Үкіметі арасында Келісімге қол қойылумен аяқталды.

Бұл Келісім бойынша ССРО быылғы 1 июньге дейін Финляндияға 30 мың тонна астық, 1000 тонна қант және 300 тонна кондитер заттарын береді. Бұл продуктылардың есесіне ССРО быылғы жылдың

ақырына дейін түрлі мерзімдерде Финляндиядан мырып, кобальт, күкіртті колчедан және кейбір қару-жарақ заттарын, сон сыяқты Финляндия верфилерінде совет соғыс-теңіз кемелерін жөндеу жөнінде жардам алады.

Келісімге ССР Одағы Үкіметінің тапсыруы бойынша Сыртқы Сауда Халық Комиссары А. И. Микоян және Финляндия Үкіметінің тапсыруы бойынша сауда және өнеркәсіп министрі Гартц мырза, сыртқы істер министрі Свенгте мырза қол қойды. (ТАСС).

Батыс Европадағы соғыс қыймылдары

ЛОНДОН, 2 февраль. (ТАСС). Одақтас-тардың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованиесі штабының хабарында былай делінген: Сен-Виттің шығыс жағында 6 миль жердегі Шонберг алынды. Одақтас-тар әскерлері бұл қаладан шығысқа қарай 2 миль алға басып, Балыгия-Германия шек арасын кесіп өтті.

Мұның оңтүстік жағында одақтас-тар әскерлері Винтершейдтен бір миль жерде тұр. Одақтас-тар әскерлері Ур өзенінің шығыс жағында Эйгенштад пен Геххален-фельдті алды. Рейн маңындағы Хагенау-дың оңтүстік-шығыс жағында одақтас-тардың әскер бөлімдері солтүстік Эльзас жа-зықтығында шабуылға шықты, сөйтіп дүш-панның қарсылығын жеңе отырып, 2 миль алға басты. Одақтас-тар әскерлері бұл урыс қыймылдарының нәтижесінде Модер өзенінен өтті. Обергофенде қатты урыстар болып жатыр. Гамсхеймнің оңтүстік және солтүстік жағында орманды аял дүшпан-

нан тазартылды. Страсбургтің оңтүстік жа-ғында одақтас-тардың жаяу әскерлері мен бронетанк бөлімдері Иль және Рейн өзен-дерінің аралығындағы ауданның едәуір бө-легін дүшпаннан тазартты. Кольмардың солтүстік-шығыс жағында одақтас-тар әс-керлері бірнеше жерде Рейн өзеніне жетті. Одақтас-тар әскерлері Кольмар каналының оңтүстік жағында шабуыл жасай отырып, шамамен алғанда 3 миль алға басты.

Одақтас-тардың ауыр бомбашыларының ірі құрамына истребительдерді ертіп шы-ғып, дүшпанның Германиядағы темір жол орындары мен қатынас жолдарының орта-лықтарына алдешен рет еселеп шабуыл жасады. Сол сыяқты Берлин бомбаланды.

ЛОНДОН, 2 февраль. (ТАСС). Одақта-тардың Орта теңіз соғыс майданындағы әскерлері штабының хабарында былай де-лінген: Италиядағы майданда күзет әскер-лері қыймыл жасады.

Германиядағы жағдай

СТОКГОЛЬМ, 2 февраль. (ТАСС). Гер-маниядан келген шведтер, Германияның барлық қалаларында үрейленушілік етек алып, халықтың елөсі түсіп отырғаны ай-ты. Мұнда Берлиннен келген адамдар, фольксштурм отрядтарының қазіргі күнде Берлиннің шығыс жақ бөлегіндегі үйлерге мына қоюмен шұғылданып жүргендігін ха-барлады. Бұдан бұрын Берлиннен шығысқа көшірілген балалар енді Саксонияға же-нетілуде. Көшелер қардан тазартылмай-тын болған, автомашиналар мүлде жүрмей-ді деуге болады. Трамвай қыйыншылық пен жүреді. Берлинде астық пен картоф

тапшылығы етек алған. Азық-түлік мәсе-лері күн санап шиеленісуде.

«Свенска Дагбладет» газеті былай деп жазады: «31 январьда Берлинге, Германия-ның үлкен қалаларында халықтың үрейле-ніп отырғаны жөнінде Германиядан хабар-түскен. Шығыс Германияда Дрезден мен Бреслаудың аралығындағы ауданда фоль-ксштурм отрядтарында ереуіл болған. Сол-сыяқты Гамбург пен Бременде үрейленуші-лік етек алып отыр. Түн сайын үйлердің қабырғаларында Гитлерге қарсы листовка-лар жапсырылатын болған.

Польша-Чехословакия қарым- қатынасы жайында

ЛЮБЛИН, 31 январь. (ТАСС). «Поль-пресс» агенттігінің хабары бойынша, Польша республикасының Москвадағы елшісі З. Модзлевский Чехословакияның Мос-квадағы елшісі Зд. Фирленгерден хат алды. Хатта Чехословакия үкіметі Польша рес-публикасының уақытша үкіметін танытын-дығы және онымен демократиялық қарым-қатынас жасағысы келетіндігі жазылған.

Бельгия үкіметі орнынан түсті

ПАРИЖ, 2 февраль. (ТАСС). Бельгия-ның бас министрі Пьерлюмен бүгін принц-регент Шарлюге үкіметтің орнынан түскен-дігі туралы мәлімдеме тапсырғандығын Франс пресс агенттігі хабар етті.

Жауапты редактор
Ө. ОСПАНОВ.

Еңбек ақы мәлішеріне қарай, 1944 жылғы міндетті түрде хауыпсыздандыру жөніндегі төлемдерді толық өтеп бітірудің заң бо-йынша тарайындалған мерзімдері өтіп кет-ті. Сондықтан Мемлекеттік хауыпсыздан-дырудың облыстық Басқармасы Хауыпсыз-дандыру төлемдері жөнінде Мемлекеттік Хауыпсыздандыру инспекцияларымен де-реу есеп айырысу хажет екендігін азамат-

тардың есіне салады. Бұл төлемдерді өтеуден бас тартқан адамдардың бәрі сотқа беріледі. Ауыл-селоның жерлерде бұл төлемдерді салық жыйнау жөніндегі агент-терге, ал қалалық мемлекеттік басқарма не болмаса Мемлекеттік Хауыпсыздандыру инспекциясының өзіне төлеуге болады.

Мемлекеттік Хауыпсыздандырудың об-лыстық басқармасы.

Қалалық театрда 6—7 февральда Штраус-вальстерін орындаушы Мельникованың орындауымен «Штраус Вальстерінің кеші» деген концерт болады. Концертке Ново-сибирь филармониясының артистері—Майо-ров, Кончеккер, Серебряков, Сазулькина

және басқалар қатысады. Ойын кешкі сағат 9-да басталады. Кассы 5, 6, 7-февраль күндері кешкі сағат 5-тен бастап ашық. Коллективтерден күн сайын күндізгі сағат 2-ден бастап заяықалар қа-былданады.